

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Израиль Мемлекетіне 2000 жылғы 3-5 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 шілде N 1072

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Израиль Мемлекетіне 2000 жылғы 3-5 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-израиль ынтымақтастығын одан әрі дамытуды және кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Израиль Мемлекетіне 2000 жылғы 3-5 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік

органдары, өзге де ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Жоспардың орындалу барысы туралы кемінде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отыратын болсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 14 шілдедегі
N 1072 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
Израиль Мемлекетіне 2000 жылғы 3-5 сәуірдегі ресми сапары барысында
қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру
жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

Үкіметі мен Израиль
Мемлекетінің Үкіметі арасындағы
білім саласындағы ынтымақтастық
туралы келісім

министрлігі

- 3 Израильдік "Интел", "Ормат" компанияларын жоғары техноло. гияларды енгізуге, әскери кәсіпорындарды конверсиялауға, программистерді даярлауға және зергерлік бұйымдар өндірісін құруға, Қазақстан Республикасының алтын кен кәсіпорындары базасында зергерлік бұйымдар фабрикасын салуға тарту 2000 жылдың екінші жартыжылдығы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
- 4 Қазақстан Республикасының шалғай аудандарында байланыс жүйелерін дамыту жөнінде "Гилад Сателлит" компаниясымен ынтымақтастықты жалғастыру министрлігі Тұрақты негізде Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі
- 5 Израильдік "Мат" компаниясымен Қазақстан Республикасында күрке тауығын өсіру және оның етін өңдеу жөнінде ынтымақтастық жасау мүмкіндіктерін қарау 2000 жылдың III тоқсаны Ауыл шаруашылығы министрлігі
- 6 Халықаралық терроризм, есірткі бизнесі, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық жөнінде нақты ұсыныстар беру -//- Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Бас прокуратура (келісім бойынша), Сыртқы істер министрлігі

- | | | |
|---|-------------------------|---|
| 7 Қазақстан Республикасы мен Израиль Мемлекеті арасындағы "Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және қылмыскерлерді беру" туралы кодексінің жобасын жасау | 2000 жылдың IV тоқсаны | Бас прокуратура (келісім бойынша) |
| 8 Израиль Мемлекетіне тұрақты тұруға кеткен зейнеткерлерге Қазақстан Республикасына кіру үшін жеңілдікті виза беру мүмкіндігін қарау | 2000 жылдың III тоқсаны | Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 9 Израильдік "Израэль кемикле", "Бейтмен", "Офер Бразерс", "Зэви групп" компанияларының бұрын химиялық қару шығарған Қазақстан Республикасының химиялық кәсіпорындарын конверсиялау, суды тұщыландыру, феррохром, ферросилициум үйінділерін өңдеу және сұйытылған газ өндіру, мұнай өңдеу, химия өнеркәсібі, жылжымайтын мүлік, ақпараттық технологияларды және компьютерлік техниканы жасау саласындағы инвестициялық жобаларға қатысуы мүмкіндіктерін қарау | 2000 жыл бойы | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Инвестициялар жөніндегі агенттік |
| 10 Геотермалды энергияны пайдалану және күн батереяларын өндіру саласына тарту жөнінде "Ормат" компаниясымен келіссөздер жүргізу | -//- | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 11 Израильдік "Африка-Израел | -//- | Астана қаласының |

- | | |
|---|--|
| инвестментс" компаниясына сатылатын үй-жайлар туралы ақпарат беру, сондай-ақ Астана қаласында сауда орталығын салуға жер бөлуде көмек көрсету мүмкіндігін қарау | әкімі |
| 12 Израиль Мемлекетіндегі сауда-экономикалық байланыстар жөніндегі қазақстан-израиль комиссиясының 4-ші отырысын дайындау | 2000 жыл бойы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Сыртқы істер министрлігі |
| 13 Израиль Мемлекетінің Аймақтық ынтымақтастық министрі, Нобельдік Бейбітшілік сыйлығының лауреаты (1994 жыл) Ш. Перестің халықаралық саясат бойынша дәрістер оқуы үшін Қазақстан Республикасына сапарының мүмкіндігін қарау бойынша) | -//- Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республи. қасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (келісім |
| 14 Израиль Мемлекетінің Кнессеті депутаттары тобы сапарының мүмкіндігін қарау | -//- Сыртқы істер министрлігі |
| 15 Қазақстан Республикасы мен Израиль Мемлекетінің арасында ғылыми медициналық және дәрігерлік кадрлармен, жоғары оқу орындарының студенттерімен, шығармашылық ұжымдармен, әртістермен және киноөнімдермен алмасуды жүзеге асыру | Тұрақты негізде Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттік, Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |

16 2000 жылғы 5 сәуірде Тель-Авив қаласындағы "Қазақстандағы инвестициялар" конференциясының шеңберінде қазақстандық және израильдік компаниялардың арасында қол жеткен уағдаластықтардың іске асырылуы барысында тұрақты мониторингті жүзеге асыру

-//- Инвестициялар жөніндегі агенттік, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ұлттық Банк (келісім бойынша),

Сыртқы істер министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, Ақмола облысының әкімі, "Қазинвест" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша)

17 Мынадай фирмалармен және компаниялармен ынтымақтастық орнату және бірлескен кәсіпорын құру мүмкіндіктерін қарау:

"Zinkal" - "ШПО КПО" базасында 2000 жылдың Оңтүстік Қазақстан
экструзия әдісімен алюминийлі III тоқсаны облысының әкімі

профильдерді және терезе блоктарының өндірісі жөнінде;
"BRGL Economic enterprises Ltd" -//-

- Оңтүстік Қазақстан облысының "Оңтүстік құсы" акционерлік қоғамымен, "Ақ құс" жауапкершілігі шектелген серіктестігімен бірлесін құс өсіру, етті және жұмыртқалы құс өсірудегі жаңа технологияларды енгізу жөнінде;
"TANAL" - келісім-шарттарды

2000 жылдың

зерделеу, жоспарлау және басқару, IV тоқсаны
құрылысты іске қосуды қадағалау,
үкіметтік және жеке кәсіпорындарды
басқару жөнінде;
"Trilith" - комбайндарды, ауыл -//-
шаруашылығы тракторларын, ұн тарту,
күріш тарту және мақта тазарту
жабдықтарын, жем жасау жабдықтарын
сату, орау пленкаларын шығару
жөнінде

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.